Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili






Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 5 aqpan 2026 jyl №05 (11201)

Салтанатты шара

# ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА САЙ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қорғау жүйесінің маңыздылығына ерекше тоқталып, үнемі жаңғыртуды қажет ететінін, бүгінде озық әлемдік тәжірибені үлгі ету, заманауи технологияларды енгізу өте маңызды шаруа болып отырғанын атап өткен болатын.**

**Төтенше жағдай қызметі - қиын әрі қатерлі жұмыс екені баршамызға аян. Сондықтан да бұл салаға ерекше маңыз беріліп отыр. Кейінгі жылдары ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерінің ашылып жатқандығы соның айғағы.**

**Сейсенбі 3 ақпан күні аудан орталығы Ақсу-Аюлыда заманауи талаптарға сай қайта күрделі жөндеуден өткен №14 Өрт сөндіру бөлімінің салтанатты ашылуы өтті.**







Ашылу салтанатына ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Сайранұлы Әрінов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев, аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров және аудан әкімінің орынбасарлары, жеке құрам, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері қатысты.



Салтанатты шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні ойналған соң, Шет ауданындағы барлық тұрғындарды жаңа бөлімнің ашылуымен құттықтаған ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Сайранұлы аталған жобаны облыс әкімдігі, Төтенше жағдайлар министрлігі және осы саланың қызметкерлері бірлесіп жүзеге асырғандығын, бұл жаңартылған формат тиімді әрі алдағы уақытта өзге аудандарда да қолданылатынын, сондай-ақ, бұл шара қызмет сапасын арттыруға бағытталғандығын айтып, жеке құрамның жұмысына сәттілік тіледі.

Салтанатты шарада ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шет ауданында жаңа өрт сөндіру бөлімін салуға қолдау көрсеткені үшін аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаровты "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 30 жыл" мерекелік медалімен марапаттады. Сондай-ақ, Шет ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі №14 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Ахметжанов Ержан Кәрімұлына "Азаматтық қорғау подполковнигі" атағы берілсе, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Құрмет грамотасымен Шет ауданы әкімінің орынбасары Садықов Қайырғали, Шет орманшылығының орман басшысы Құтжанов Серік, "Шеткоммунсервис" мекемесінің директоры Омаров Азамат, №14 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Арыстанбеков Бақытжан және министрліктің грамотасымен өрт сөндіру бөлімінің жүргізушілері сержант Айтжанов Арман мен сержант Садықов Бақытбек марапатталды. Сондай-ақ, министрліктің Алғыс хатымен Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі Смайылов Дарханға, өрт сөндіруші-құтқарушылар, аға сержант Құрманов Жамбыл мен кіші сержант Саят Бекжанға табыс етті.

Сонымен қатар, "Toyota Hilux" автокөліктері мен "Трекол" арнайы құтқару техникасының кілттері, сондай-ақ, жаңа өрт сөндіру бөлімінің символдық кілтін Шет ауданының төтенше жағдайлар қызметінің бастығы Әбілбай Ғабитке табыс етілді.



Айта кетейік, салтанатты шарада облыстық төтенше жағдайлар қызметі мен Теміртау, Балқаш қалалары мен Абай, Осакаров аудандарының бірқатар қызметкерлері де марапатталып, арнайы техникалардың кілті табыс етілді.

Мұнан соң, құттықтау сөз сөйлеген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы өрт сөндірушілердің дайындық деңгейі мен жабдықталуы - қауіпсіздіктің кепілі, сондықтан да жергілікті бюджет есебінен еуропалық үлгідегі жауынгерлік киімдер, гидравликалық апаттық-құтқару құралдары, радиостанциялар, спутниктік телефондар, бейнетіркегіштер, ұшқышсыз ұшу аппараттары, өрт сөндіру жеңдері және тағы басқа да қажетті құрал-жабдықтар сатып алынғандығын атап өтіп, бірқатар сала қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты мен "Toyota Hilux" және "Трекол" автокөліктерінің кілттері мен үш ноутбук табыс етті.

Шарада сондай-ақ, төтенше жағдай қызметінің ардагері Рашидов Ердос құттықтау тілегін жеткізсе, ауыл тұрғыны Рашидов Амантай ақсақал қазақы дәстүрмен бата берді.

Лента қиу рәсімі жасалған соң, облыс әкімі мен министр арнайы кітапқа тілектер жазып, жеке құраммен естелік суретке түсті.

Бөлімнің жаңартылған ғимараты заманауи талаптарға сай етіп жабдықталған. Қызметкерлер үшін демалатын, жатын бөлмелермен қатар, арнайы жаттығу құралдарымен қамтылған бөлмелер, барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Алдағы уақытта ғимарат маңайы абаттандырылып, асфальт төселмекші.





**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**